

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 420 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 732 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 732 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында кадрлар даярлауды мемлекеттік білімдік несиелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі N 1018 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 35, 317-құжат):

2, 3, 4-тармақтарда "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі", "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінен" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі", "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында мамандарды даярлауды несиелендірудің ережесінде:

2, 3, 13-тармақтарда "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігіне", "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне", "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "және т.б.", "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен" деген сөздер алынып тасталсын;  
екінші абзац алынып тасталсын;

16-тармақта "несие беру сәтіндегі бағамен" деген сөздерден кейін "(Қазақстан Республикасы Үкіметінің жыл сайын бекітілетін қаулысына сәйкес несие мөлшерін оқу жылында 1 студентті оқыту шығыстарына кейіннен индекстеу арқылы)" деген сөздермен толықтырылсын;

қаулының бүкіл мәтіні бойынша "Қазақстан Республикасының Қаржы

министрлігі" деген сөздер "Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақ "(ауыру" деген сөзден кейін ", мемлекеттік білім гранттары бойынша оқытуға көшіру)" деген сөздермен толықтырылсын;

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті мемлекеттік органдар жыл сайын Қазақстан Республикасының Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органына жоғары оқу орындарына аударылған несиелер қаражатының сомасы туралы, мамандықтар топтары бойынша жоғары оқу орындары мен қарыз алушылар бөлінісінде несиелерді өтеу және игерілмеген қаражатты қайтару сомасы туралы мәліметтер, Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға тиісті қаржы-экономикалық негіздемелермен және есептеулермен бірге мемлекеттік білімдік және мемлекеттік студенттік несиелерді қайтарудың болжамды көлемі туралы мәліметтер беріп тұрады";

2 ) < \* >

**Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.11. N 1180 қаулысымен.**

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*